Түскі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын,				

Сканировано с CamScanner

	Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Күндізгі ұйқы	«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабанның алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын жақсы уқалайды, аяқтың бұлшықеттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды. **Көркемсөз** Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**				
Бесін ас	Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды үйретуді жалғастыру. Асты ұқыпты, таза жеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Вариатив** **Ертегілер елінде** **Дос іздеген бота** **Мақсаты: Ертегі арқылы балаларды достыққа тәрбиелеу. Тіл байлықтарын**	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Зообақ тұрғындары туралы жұмбақ жасыру жаттығулары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің жұмбақ формасымен	**Құрастырудан ойын-жаттығу** "Түлкі деген қу болар". Мақсат-міндеттері. Балаларға қағазды бұру арқылы конус жасап, оригами әдісі бойынша түлкінің басын	**Вариатив** **Су түссіз, иіссіз болады»** **Мақсаты: Балаларға су түссіз және иіссіз мөлдір болатынын түсіндіру»** **Д/О: «Судың түсін ата»** **«Судың дәмі қандай?»** **Қоршаған ортамен**	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Батпан құйрық". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Батпан құйрық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру және ертегі

Сканировано с CamScanner

	дамыту. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Алманы тапқан қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды күзгі алма ағашының жанындағы қоянның бейнесін салу техникасына үйрету; "Алма" қазақ ертегісінің сюжетін пысықтау; қарындашпен қағаздың бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбізді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру.	таныстыру, жұмбақтың тақпақтан негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту. **Үстел үсті ойындары** **«Бұл қай кезде болады?»** Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**	құрастыруға, желім арқылы түлкінің басы мен денесін жапсыруды үйрету. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	**танысу** "Мыршай". Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. **"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	кейіпкерлерінің сөздерін мұқият тыңдай отырып, қайталауды үйрету. **Дидактикалық ойын.** **"Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?"** Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Аю бауырсақпен кездесті". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. **Дидактикалық ойын.** **"Менің басы , менің құйрығы?".**

Сканировано с CamScanner

			(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)		Мақсат-міндеттері. Суреттен жабайы жануарларды тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру.
Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын. «Артығын тап».** Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық, қар қыста ғана болады.	**«Суреттерді орналастыр».** Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді әр бағанға, әр жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады.	**«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».** Мақсат-міндеттері: ұзын - қыска, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таякшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қыскалығын анықта» деген тапсырма береді.	**«Жоғарыда, төменде».** Мақсат-міндеттері. Жоғары – төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейінді, қиялды дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары. Бала кораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.	**«Оң және сол».** Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды үйрету; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуді (шешіне) әдетке айналдыру;				

Сканировано с CamScanner

	- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалау, киімді, аяқ-киімді таза ұстау; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұксайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.)	**Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Экологиялық міндет:** өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту. **Көркемсөз** М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ	**Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. **Экологиялық міндет:** жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.) Сұрақтар: - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не	**Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (жаңбыр қалай пайда болады). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** "Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға бұлттарды бақылауға қызықтыру және аспанға қарап ауа райының қандай екенін білуді үйрету. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа)	**Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауыу құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар катып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа

Сканировано с CamScanner

	Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.	Жеті түрлі бояумен. Бір кесегін үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем.	көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз.	Сұрақтар: - Бүгін ауа райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сен аспанан не көріп тұрсың? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар бір орында тұр ма? Жел бұлттарға қалай әсер етеді? Бұлттар көшіп бара ма? Бұлттар аспанда қалқып жүр ме? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауды, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтарды табуға қызықтыру.	ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. **Экологиялық міндет:** судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)** "Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				

Сканировано с CamScanner

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** Театрды сахналау. «Ақымақ қасқыр» ертегі желісін қуыршақ театрымен сахналау. **Сюжетті-рөлдік ойын.** "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттері. Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. **(музыка)** Өнер бұрышында жабайы аңдар түрлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. **(шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**

Сканировано с CamScanner

	Арт-терапия өткізу. **(сурет салу)** Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. **(құрастыру)** Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік».	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру.	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны".

Сканировано с CamScanner

Тексерілді: Рыс

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
№6 «Өркен» бөбекжайы МКҚК
№9 «Күншуақ» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	**25.11-29.11.2024ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі	25.11.2024ж	26.11.2024ж	27.11.2024ж	28.11.2024ж	29.11.2024ж
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сырткы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында	**"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	**"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".** Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет	**"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу.

Сканировано с CamScanner

	ретсіздікті көре білу.		көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	Еңбеккорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары** 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру, 1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау. 1.4. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға, солға иілу. 2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы қалыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату. 3.2. Содан кейін ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы қалыпқа келу. **(дене шынықтыру, дербес әрекет)**				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызып, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың,				

Сканировано с CamScanner

	Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. **(сөйлеуді дамыту)**	Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	Ертегілерді сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**	Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		**Дене шынықтыру** "Арқан астынан еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін он және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған капшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету. **"Кім тез жүгіреді?"**	**Дене шынықтыру** "Иілгіш боламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету. **Тыныс алу жаттығуы.** "Балапандар" жаттығулары: аяқты сәл алшақ қойып алға қарай еңкею, "қанаттарын" артқа апару. Кішкене адыммен жүгіріп, "шип-шип-шип" деу. (20-30 секунд). **(дене шынықтыру)** **Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу.** **«Үлкен», «орташа»,**	**Қазақ тілі** "Үш аю" ертегісін оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)** **Дене шынықтыру** "Қимылдарды қалай танимыз?" Мақсат-міндеттері. Балаларды 20-25 см	**Музыка** "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау. **«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. **(музыка)**

Сканировано с CamScanner

		қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруді үйрету. **(дене шынықтыру)**	**«кішкентай» туралы ән.** Максат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді дыбыстап айтуға жаттықтыру. **Музыка** "Қоңыраулар сыңғыры". Максат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету.	биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен	**Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу,**	**Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,**	**Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,**	**Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен**	**Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді**

Сканировано с CamScanner

	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, катты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) **Тәжірибе.** Желге қарсы жүгіру. **Қорытынды.** Желге қарсы жүгіру қиын.	**сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар,гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.	**сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. **Көркемсөз.** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетіңді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. **Тәжірибе.** Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып	**танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, кокыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.	**дамыту, көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу. **Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға

Сканировано с CamScanner

			жүретінін бақылау.		жылдам назар аудару. **"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Түскі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы аска отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	"Алтын балық" ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(көркем әдебиет)**				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау) Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау) Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі колды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін (мәшинеиің рулін айналдыру) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Бесін ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. **Көркемсөз** Қолды жусақ әркашан,				

Сканировано с CamScanner

	Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Вариатив** **Ертегілер елінде** **Қаңтар мен ақпан ертегісі** **Мақсаты: Ертегі арқылы балаларға қыс туралы түсінік қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуге төселдіру.** **Дидактикалық ойын.** **"Сиқырлы сөздер".** Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)**	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. **Саусақ жаттығуы.** Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласыңдар. Сәулелеріңді шашып, Жарқырап жайнайсыңдар. Жанып-сөніп, Жанып-сөніп Жарқырап жанасыңдар. **(сөйлеуді дамыту)**	**Жапсырудан ойын-жаттығу** "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Алтын құс". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің	**Вариатив** **«Су пішінсіз болады»** **Мақсаты:** **Балаларға судың пішінсіз болатынын түсіндіру.** **Д/О: «қандай пішін шықты?»** **Дамытушы ойын.** **"Ғажайыптар көлігін жөндейік."** Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Сиқырлы кемпіркосақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпіркосақ туралы түсінік бере	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. **"Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынаска тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

			мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету.	отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпіркосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру. **Дидактикалық ойын. "Санырауқұлақтың үйіндегі кемпіркосақ түстерін тап".**	(Мияу-мияу) Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс) **(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)**
Балалармен жеке жұмыс	**Аяламен Адия ға беске дейін оң және кері санату. Карточканы алып кандай сан екенін тауып оны ауада жазу.**	**Нурболатпен дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп».** Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау кабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер. Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол колына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, кай колында	**"Айырмашылықтарды тап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар. Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жок немесе	**Н.Алинурмен дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап».** Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын карастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның	**Адиямен "Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер.

Сканировано с CamScanner

		саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады. **(сөйлеуді дамыту)**	ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек. **(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)**	атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)**	Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек. **(сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**"Өз үйіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету білігін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға әртүрлі	Балалармен бірге ауа райын, күздің соңғы күндеріндегі табиғатты бақылау Балаларға күздің соңғы күндері екенін түсіндіру. Балаларға күз туралы бірнеше сұрақтар қою. Балалармен бірге Күз туралы тақпақтар жаттау.	**Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)** Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.	**Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **"Ұядағы құстар"**	**Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)** Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.

Сканировано с CamScanner

	таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына сай жүгіреді.			**қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.	**Еңбек:** гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Өз бетімен ойындар.** «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.
Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	**Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.** Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тығырықтан шығуға үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балаларды айнала ақырын жүреді, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияны өзінде				

Сканировано с CamScanner

және тағы басқа әрекеттер)	екенін білген бала орнынан жылдам тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: такпак, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тжылдам тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Балалар тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек. Итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	Баланың өздігінен орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	"Бала - біздің айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу.

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 2024жыл 1 апта
№6 «Өркен бөбекжайы МКҚК
№ 9«Күншуақ» ересек топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 02.12.2024	Сейсенбі 03.12.2024	Сәрсенбі 04.12.2024	Бейсенбі 05.12.2024	Жұма 06.12.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Қар жауғанын көрді ме сұрау **(сөйлеуді дамыту).** «Апта дәйексөзі» «Қыстың көзі қырауда»				
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы ата аналарға кеңес беру				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру **(коршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Өрнек» Мақсаты: терезеге қарап, аяздың салған өрнектерін салу. Міндеттері:балаларды ң қалауы бойынша бояу немесе қаламдарды	«Үш аю», «Түлкі мен тырна» Мақсаты: ертегілерін естеріне түсіру. Міндеттері:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар,	«Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге?» Мақсаты:Балалардың пікірлерін тыңдау. Қыс мезгілінде ата аналарына қалай	«Терезеге қарап сурет салу» Мақсаты:Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу,қағаздан	«Ғажайып қоржын» ойынын ойнату. Мақсаты:Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау.

Сканировано с CamScanner

	пайдалану. **(сурет салу)**	ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға ынталандыру. **(көркем әдебиет)**	көмектесуге болатын бейнеленген суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Міндеттері: Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ қыл» **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**	киып жапсыру.	Міндеттері: Атауын айту дағдысын дамыту. **(математика негіздері)**
Ертеңгілік жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**				
Таңғы ас	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. «Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Өзіне калай көмектесесің? Балалардың ойын тыңдау. Ал өзгелерге қалай көмектесуге болатынын сұрау? Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

Сканировано с CamScanner

Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту *Еңбектеу, өрмелеу:* етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; *Лақтыру, домалату, қағып алу:* заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) Қимылды ойын: Тегіс жолмен	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту *Еңбектеу, өрмелеу:* етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; *Секіру:* аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру Қимылды ойын: Масаны ұстап ал Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау;	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту *Секіру:* аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру *Лақтыру, домалату, қағып алу:* заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес) Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық **Қазақ тілі** Мақсаты: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және калыпты каркынмен	**Музыка**

Сканировано с CamScanner

				сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	
	«Шеберін-ай Аяздың!» М.Жаманбалинов Шеберін-ай аяздың: Суреттерді әр үйге, Әйнектерді қағаз ғып, Әйнектердің бәріне, Әшекейлеп қойыпты, Түнде салып береді, Бірнеше ою ойыпты Көзі қалай көреді? Мақсаты:Тақпақты жаттату, Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Міндеттері:Қыс туралы жаңылтпашты қайталап айтуын ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)**	Геометриялық фигуралар Мақсаты:дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Міндеттері: Ермексаздан фигураларды жасату. **(математика негіздері)**	«Аналарымыздың көмекшілеріміз» Мақсаты: айдарымен ою элементтерінің ретін, олардың арасындағы аракашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнектермен тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. **(жапсыру)**	Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Мақсаты:Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **(сөйлеуді дамыту)**	«Ертегілер елінде» Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін сыйлыққа беріп жібергенін айтып, көрсету. Өз бетінше таңдап кигенсоң ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. **(көркем әдебиет)**

Сканировано с CamScanner

Серуенге дайындық	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	«Қамал» Мақсаты: қардан қамал құрастыру. Қардың қасиеттерімен таныстыру. **(құрастыру)** Қардың қасиеттерін зерттеу. Мақсаты: Оның түсін, пішінін анықтау. Шелекке салып жылы жерге алып келгенде не болатынан анықтату. **(коршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойын:** «Кім жылдам»	Қыстайтын құстарға жем беркізу. Мақсаты:Қардан геометриялық пішіндерді жасату, сонымен қатар арнайы қалыптарға салып пішіндердің реттілігін сақтап бір жолаққа орналастыруды үйрету. **(коршаған ортамен танысу)** Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. **(музыка)** **Ұлттық ойын** «Омпы»	Қардың бетіне шеңбер сызып кою. Мақсаты:Балалар кол ұстасып шеңбер сызығының бойымен тұрады. Музыка койылған соң балалар ортада тұраған баланы айналып жүреді. Кім шеңберден шыкса сол ортаға тұрады. Топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту. **(коршаған ортамен танысу)** Аққалалар жасату. Міндеттері: Жасаған аққалаларын бойы пішіні қандай? салыстыру. **(математика негіздері)** **Қимылды ойын** «жоғары лақтыр»	«Ойыншықтар» Мақсаты: Алып шыққан ойыншықтармен «канша болды?», «каншасы калды?» сұрақтарын кою аркылы жеке және топтық ойындар ұйымдастыру **(математика негіздері)** Қардан жұлдызкұрт жасау. **(құрастыру)** **Қимылды ойын** «Өз «Үйіңді тап»	Бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінде ағаштар не істейді? Зерттеу жұмысы. Қардың жылуды өткізбейтін касиеті туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу. **(коршаған ортамен танысу)** Қар бетінде табиғи құбылыстарды бейнелету **(сурет салу)** **Қимылды ойын** «Кешікпе» «Республикам – мактанышым!» ертеңгілік
Серуеннен оралу	Топка оралу кезінде жылдам катарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяк киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамактар және т.б. жаттату **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				

Сканировано с CamScanner

Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: колды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану барысында мәдениетті тәрбиелеу (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту, тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды калыптастыру) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау, ұйықтату. Балаларға қыс туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою **(көркем әрекет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді калыптастыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін кадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін калыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне кызмет ету дағдыларын пысықтау. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару **(коршаған ортамен танысу)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және баскалары)	Вариатив Ертегілер елінде Балаларға ертегіні оқып таныстыру аркылы ойлау қабілетерін дамыту. «Қамал» Максаты: Ак түсті ермексаздан далада кардан құрастырылған камалдарды жасату. **(мүсіндеу)**	«Қысқы табиғат» Максаты:қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, кысқы табиғат тақырыбында композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)** «Кітаптардан кыс мезгілі туралы	«Аққала» Максаты:Балаларды орталықтарға бөлу. Далада жасаған аққалаларын қағаздан қиып жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** Максаты: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затка тән	Вариатив Шебер колдар «Ылғал құмнан және саздан зат мүсіндейміз.» Д/О: Әдемі ғимарат мүсінде. Максаты: Құм мен сазды түрлі пішінге келтіріп үйренеді. «Аққала» Максаты: Жеке	«Ертегі» Максаты: Ертегі кітаптарын қарау. кітаптан балалардың калаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры аркылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)** Максаты: Оқылған

Сканировано с CamScanner

	«Кім тез жинайды» ойыны арқылы. топтағы ойыншықтардан жиын жасату. **(математика негіздері)**	суреттерді қарату.» Мақсаты: Суреттер бойынша ойдан ертегі құрастыруға мүмкіндік беру арқылы ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру **(Сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша «Түлкі мен ешкі» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту. **(жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)**	ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді жетілдіру. Қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салдыру. **(сурет салу)** Аққаланың мүсінін жасату **(мүсіндеу)**	заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына баска заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композиция құрумен кар жауып тұрған кездегі аққаланың суретін салу. **(сурет салу)**	ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. **(мүсіндеу)**
Балалармен жеке жұмыс	Айдидарға пішіндерді атап, ажырата алуға және түстерді дұрыс атауға үйрету.	Адияға Көрсетілген суреттерден өз ойымен ертегі айтуда сұрақ жауап әдісін пайдалану	Бексұлтанмен Нақтылы материалдарға бағытталған жұмыс түрлерін жүргізу	Мухамбетке ойын тапсырмаларын түрлендіре отырып тапсырмалар беру	Асаналімен бір орында тұрып екі аяқпен секіруге және бір аяқпен тұруға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Жыл мезгілдерінің әр	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Еркін ойындар	Сызбаны (карточкаларды) колданып, ірі және ұсақ құрылыс	Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)**	Еркін ойындар ойнату. Ойындарда физикалық касиеттерді (жылдамдық, күш,

Сканировано с CamScanner

	түрлі бейнесі бейненленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау. **(көркем әдебиет)** Ырғақты би кимылдарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)** **Ұлттық ойын** «Хан талапай»	Балаларға кішкентай бөпе мен окушылардың суреттерін көрсету. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). **(қоршаған ортамен танысу)**	материалынан құрастыру **(құрастыру)** Қимылды ойын «Трамвай» Ауа райының өзгерісін бақылау.	Балалардың сұранысы бойынша ертегі окып беру **(көркем әдебиет)** Еркін ойындар Жілді бақылау.	шыдамдылық, икемділік,ептілік) дамыту. **(дене шынықтыру)** **Ұлттық ойын** «алтыатар»
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-катынас жасау Қыс мезгіліуің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Қысқы ойындарды ойнау. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру.				

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 2024жыл 2 апта
№6 Өркен» бөбекжайы МКҚК
№9 «Күншуақ» ересек топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.12.2024	Сейсенбі 10.12.2024	Сәрсенбі 11.12.2024	Бейсенбі 12.12.2024	Жұма 13.12.2024
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				

Сканировано с CamScanner

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге кою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Вариатив Ертегілер елінде Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру **(құрастыру)**	Топтағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасату. Олардың қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы әңгімелесу. **(коршаған ортамен танысу)** Топтағы өсімдікті немесе жануарды қалауы бойынша мүсіндеу немесе суретін салу. **(мүсіндеу, сурет салу)** Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)**			Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)** Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(мүсіндеу)** Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. **(жапсыру)** Шығармашылық киялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және

Сканировано с CamScanner

					құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ертегі желісіне жетпей калған кейіпкерді құрастыру **(құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Күн тәртібіне орай күнделікті гегиена талыптарын өздігінен орындауды меңгерту	Құрдастарымен карым – катынаска түсуде көрсетілген бейнекәріпіске өз ойын білдіруді үйрету			Балабакша туралы түсінігін ойын әрекетінде көрсетуге калыптастыру
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі кызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Қимылды ойын «Трамвай» Балабакша ауласындағы шыршаларды тамашалау. **(коршаған ортамен танысу)**	Ырғақты би кимылдарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)** Еркін ойындар **Ұлттық ойын** «Үш табан»			**Ұлттық ойын** «Хан талапай»

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
№6 «Өркен» бөбекжайы МКҚК
№9 «Күншуақ» ересек топ
Қаңтар айы 2025 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.01.2025	Сейсенбі 07.01.2025	Сәрсенбі 08.01.2025	Бейсенбі 09.01.2025	Жұма 10.01.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру.	Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу.
	«Апта дәйексөздері» Өнерлінің қолы алтын Өлеңшінің сөзі алтын				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Баланы қыс мезгілінде де таза ауаға шығуы жөнінде кеңес беру	Баланы қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау жөнінде кеңес беру	Баланы қыс мезгілінде де таза ауаға шығуы жөнінде кеңес беру	Баланы қыс мезгілінде ойнайтын ойындары жөнінде кеңес беру	Баланы қыс мезгілінде де таза ауаға шығуы жөнінде кеңес беру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел - үсті ойыны. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, **(сөйлеуді дамыту)** Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. **Балармен жеке жұмыс. (коршаған ортамен танысу)**				

Сканировано с CamScanner

	«Мамандық иелері» Мақсат-Міндеттері: Балабақшаның суретін көрсету. Мамандық иелерінің суреттерінен балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлердің суретін таңдау. Оларды балабақшаның қасына тізіп қою. Олардың қандай қызмет жасайтындары туралы әңгімелету. **(көркем әдебиет)**	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. .	«Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Мақсат-Міндеттері: Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістіктеорналасуын айқындату. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылысшылар туралы ақпарат беру. Балалардың жақындарының арасында құрылылысшылар бар ма сұрау. **(құрастыру)** **«Қауіпсіздік ережелері»** «Қауіпсіз қала» Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету	«Алтын қоржын» Мақсат-Міндеттері: қоржыннан әр түрлі заттар шығару. Оларды салыстыру, санау. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа). **(математика негіздері)**	Мен болашақта болатын мамандық жайында әңгімелесу? Мақсат-Міндеттері: Неге ол мамандықты ұнатады? Ол қандай киім киеді? Қандай құралдармен жұмыс жасайды? Сұрау. **(сөйлеуді дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату.	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын**	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату.	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау(**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын**	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату.

Сканировано с CamScanner

		әрекеті).		**әрекеті).**	
Таңғы ас	Таңғы ас алдында колдарын сумен сабындап жуу мәдениетін калыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. **(сөйлеуді дамыту)**	Таңғы ас алдында колдарын сумен сабындап жуу мәдениетін калыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**	Өз орнын тауып отыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. **(сөйлеуді дамыту)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға ғажайып коржынды көрсету. Ішінде диск бар екен. Дискті қосып көремізбе балалар? Теледидар арқылы күнделікті бір мамандық иесі туралы фильм көрсету.	«Қандай мамандық иелерін білетінін сұрау?».	«Менің өскенде кім болам?» ойларын сұрау.	Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**	Суреттер арқылы түсіндіру.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* еденнен 20 – 25	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* еденнен 20 –	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* еденнен 20 – 25	**Музыка** **Тақырып:** Қыскы әуен сынғырлайды. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-

Сканировано с CamScanner

		сантиметр жоғары қойылған сатының таякшаларынан аттап өту. *Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. *Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Қимылды ойын: Қоймадағы тышқандар	25 сантиметр жоғары қойылған сатының таякшаларынан аттап өту. *Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. *Секіру:* бір орында тұрып, кос аякпен секіру, қысқа секіргішпен секіру. Қимылды ойын: Тауықпен мен балапандар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;	сантиметр жоғары қойылған сатының таякшаларынан аттап өту. *Жүгіру:* түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру *Секіру:* бір орында тұрып, кос аякпен секіру, қысқа секіргішпен секіру. Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық **Қазақ тілі** «Менің қалам» Максат- Міндеттері: Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру	төменгі қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын аркылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.
	«Мамандықтар» Мақсат-Міндеттері:	«Дәрігер» Дәрігер конаққа келеді.	«Мен мамандық иесі» Максат-Міндеттері:	**Дәрігер** Дәрігермін мен деймін,	«Өлшеуіш құралдар» Максат-Міндеттері:

Сканировано с CamScanner

	Аталмай калып кеткен мамандық иелерін таниды ма сұрау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **(коршаған ортамен танысу)** Шығармашылық әрекет: Маманыдық иелерінің суреттерін бояумен бояту. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүртуді орындату.	Өзінің мамандығы жайында балалардан не білетінін сұрау. Өзінің құралдарымен таныстыру. Өкпесін тыңдау, балаларға тыңдату. Дене температурасын өлшейтін құралмен таныстыру. Одан коркудың қажеті жоқ екенін түсіндіру. Балаларға дәрігердің киімдерін киіп рөлдік ойындар ойнату **(көркем әдебиет)** Балаларды орталықтарға бөлу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрігердің кобдишасына дайын пішіндерді қиып жапсырту. **(жапсыру)** Дәрігерге арнап естелік суреттер салдырту. **(сурет салу)** Дәрігердің құралдарының мүсінін жасап, кобдишаға	Мамандық иелерінің киімдерін киіп еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды баска қырынан көрсетуге (катыгез-мейірімді, аккөңіл-салмакты) ынталандыру. **(көркем әдебиет)**	Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. *Ө.Тұрманжанов* **Құрылысшы** Қолда темір қалағым, Саздан сарай саламын. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. *Ш.Садыханов* такпақтарын жаттау. **(көркем әдебиет)**	Метр өлшеуіш құралын және сызғышты танысытыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету **(математика негіздері)**

Сканировано с CamScanner

		салдырту. **мүсіндеу)**			
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту.	Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.	Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау	Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру.	Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**
Серуен	Балабақша ішінде серуен. Әр түрлі мамандық иелерімен таныстыру. **(коршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау. Қардан аю құрастыру. **(құрастыру)**	Дәрігермен бірге серуенге шығу. Мақсат-Міндеттері: Денсаулық сақтау үшін спорттық ойындар ойнап, спортпен шұғылдану керектігі туралы айтып түсіндіреді. Балалар өздерінің ойларын айтып әңгімеге қосылады. **(сөйлеуді дамыту)** **Спорттық жаттығу:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	Еңбек. Мақсаты: Аула тазалығына жауап беретін маманмен таныстыру. Аула тазалығының жұмыстарына қатыстыру. **(коршаған ортамен танысу)** **Ұлттық ойын** «Ханталапай» Қарда таякпен сурет салу. **(сурет салу)**	Еңбек. Мақсаты:Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын колдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру. Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» «Мамандықтың бәрі жақсы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу **(музыка)**	Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру **Ұлттық ойын** «Ханталапай» Ауа райын бақылау, кардың жауғанын, желдің соққаны туралы айту. олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары туралы айту. **(коршаған ортамен танысу)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде	Асықпай бір-бірін	Топта киетін аяқ	Жұмбақтар шешу,	Топқа оралу кезінде

Сканировано с CamScanner

	жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.	итермей жүруді үйрету.	киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.	өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**	жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.	Кезекшілердің жұмысын ұйымдастыру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге кою)	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану.	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**	Өз төсек орнын тауып жатуды қалыптастыру	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**	«Күй күмбірі» - музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.	Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды пысықтау. **(мәдени-**	«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-

Сканировано с CamScanner

	жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі).	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.	балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**	**гигиеналық дағдылар**).	әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кенейту
Бесін ас	«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру	Таза және ұқыпты тамақтану **(мәдени-гигеналық дағдылар)**	Тамақтану мәденетін калыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Таза және ұқыпты тамақтану **(мәдени-гигеналық дағдылар)**	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) **(еңбек әрекеті)**
Балалардың дербес әрекеті	**Вариатив Ертегілер елінде «Мақтаншақ қоян»** Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын мәнерлеп мазмұндауға және диалогты сөйлеуге үйрету. «Біздің балабакшаның апайлары». Мақсат-Міндеттері: Әр бала өз таңдауы бойынша бір мамандық иесін мүсіндейді. Ұжымдық	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. **(құрастыру)** «Кеңістікті бағдарлау» Мақсат-Міндеттері:Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда шырша, сол жағымда апай) айтуды үйрету. **(математика негіздері)** **Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар**	Алдыңғы танысқан балбақша қызметкерлері, дәрігер және құрылысшы туралы не білетіндерін естеріне түсірту. Содан соң орталықтарға бөлініп өздеріне ұнайтын мамандық иелерінің суреттерінің қасына олардың құралдарын киып жапсыру немесе ермексаздан жасату. **(мүсіндеу, жапсыру)** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды үйрету.	**Вариатив «Шебер қолдар»** Суды қатыру Қар мен мұз және олардың құрамы туралы түсініктерін калыптастыру. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс. **(жапсыру)**	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың кандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. Бұрынғы заманда кандай мамандықтар болғаны туралы сұрау, балалардың ойларын тыңдау.

Сканировано с CamScanner

	жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде кауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. **(мүсіндеу)** Дайын мамандық құралдарын бейнелерге апары желіммен жапсырту. **(жапсыру)** Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу **(музыка)**	«Теңге алу», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша карапайым білімдерді (заттарды тексеріп карау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, киялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Аю ойыншығын баланың әр жағына кою арқылы, дұрыс атауын үйрету. **(математика негіздері)** **Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар** «Айырмашылығын тап», «Банкомат» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша карапайым білімдерді (заттарды тексеріп карау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, киялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	**Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар** «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша карапайым білімдерді (заттарды тексеріп карау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, киялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	**(құрастыру)** «Күй күмбірі» - шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту. Орталықтарға бөлініп «Мен болашақта _____мамандық иесі боламын» тақырыбында шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша **сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді орындату**
Балалармен жеке жұмыс	Заттардың арасымен еңбектеуді, гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді және одан түсуді жетілдіру	Сөз тіркестерінің мәнін түсінуді,өз бетінше құрай алуды қалыптастыру	Тақырыпқа байланысты тапсырмаларды жеңілден күрделіге ауыстырып отыруды үйрету	Сурет салуда фломастер, гуаштарды үнемі пайдаланып түстерді үйлесімді пайдалана білуді игерту	Туған кала,ауыл туралы игерген білімін сұрақ-жауап,ойындарда көрсетуге жетелеу
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу.	Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі кызмет ету**	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету.	Достарына көмектесу дағдыларын пысықтау.

Сканировано с CamScanner

			дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу аркылы зерттеу жасауын ұйымдастыру **(математика негіздері)** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: Мақсат-Міндеттері:түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. **(сөйлеуді дамыту)** **Еркін ойындар** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	Түстен кейін аяздың түсетінін, ауа райының өзгерістері туралы айту, бақылату. **(коршаған ортамен танысу)** **Ұлттық ойын** «Сақина жасыру.»	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)** **Еркін ойындар** **Ұлттық ойын** «Орамал тастамақ»	Қарда суреттер салу. **(сурет салу)** Еркін ойындар Тақпақтарын қайталау, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету **Ұлттық ойын** «Ханталапай»	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) дамыту, кеңейту. **(коршаған ортамен танысу)** **Ұлттық ойын** «Сақина жасыру.» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)**
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-	Мамандықтар туралы сұрау, толық өздерінің кандай мамандық	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-	«Мамандықтың бәрі жақсы» әнін бірге айтуды ұсыну	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2025 жыл 2 апта

№9 "Күншуақ" ересек топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.01.2025	Сейсенбі 14.01.2025	Сәрсенбі 15.01.2025	Бейсенбі 16.01.2025	Жұма 17.01.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Жаңадан жасалған автотұракты көрсетіп, ондағы көліктермен көше ережесін және кауапсіздік ережесін сактап ойнауына жағдай жасау.	Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын кандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).**	баланың жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	Балаларды көнілді көңіл-күй, әсем әуенмен карсы алу.	Жаңадан жасалған автотұракты көрсетіп, ондағы көліктермен көше ережесін және кауапсіздік ережесін сактап ойнауына жағдай жасау.
	«Апта дәйексөздері» Жаз шанаңды Қыс арбаңды сайла				
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.	Ата аналардың сұрактарына жауап беру.	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.	Ата аналардың сұрактарына жауап беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын копсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) **Балармен жеке жұмыс.** Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, кар, жаңбыр жауды, жел сокты), соған сәйкес киіну дағдысын калыптастыру.				
	«Көлік жүргізушісі» ойынын ойнату. Максат-Міндеттері: әр баланы жүргізуші	«Көліктер» Максат-Міндеттері:Әртүрлі көлік құралдары мен	Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Карточкалар аркылы	«Ұшақ пен кеме» Максат-Міндеттері: олардың суреттерін көрсету. Кім ұшакка	«Үміт» әңгімесін окып беру. Максат-Міндеттері:Балаларға ат пен сиыр баяғы

	етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **(математика негіздері)** Кітаптардан жануарлардың суреттерін карау, балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше карастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. **(сөйлеуді дамыту)**	оларды баскаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. **(коршаған ортамен танысу)** **Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар** «Көлік салоны» ойындары - каржылық сауаттылық бойынша карапайым білімдерді (заттарды тексеріп карау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ кол моторикасын дамыту	тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айту. **(математика негіздері)** Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу	немесе кемеге мініп көрді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау. Ұшақ калай ұшады, кеме калай жүзеді ойын аркылы көрсету, әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары	заманда көлік құралы болғанын айту. болашақта оларда күшті көлік құралдарын ойлап табатыны туралы айту. **(сөйлеуді дамыту)** Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.
Ертеңгілік жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы**	Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы**	Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы**

Сканировано с CamScanner

	дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).	жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	**дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**	орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.	**дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**
Таңғы ас	Таңғы ас алдында колдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін калыптастыру. Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас кайыру. «Бата» жаттауға баулу **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**	«Суды үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды калыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету)**	Таңғы ас алдында колдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін калыптастыру. Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың кай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Қыста не жауады?	«Қыс мезгілінің кызығы туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу.	Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.	Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, кызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың кай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар?
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Еңбектеу, өрмелеу:* 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу;	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Еңбектеу, өрмелеу:* 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу;	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру *Еңбектеу, өрмелеу:* 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу;	**Музыка** **Тақырып:** Қыскы әуен сыңғырлайды. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі

Сканировано с CamScanner

		Секіру: бір орында тұрып. қос аякпен секіру, қыска секіргішпен секіру. *Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапка және шеңберге тұру. Қимылды ойын: Қоймадағы тышқандар	*Лақтыру, домалату, қағып алу:* заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; *Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапка тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Қимылды ойын: Кішкене маймылдар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; **Қазақ тілі** «Көліктер» Мақсат-Міндеттері: Көліктерді дауысынан тану. Суреттеріне карап атау, әңгімелеу. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және калыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ,	*Жүгіру:* түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру *Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Қимылды ойын: Қояндар	қозғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа баулу.

Сканировано с CamScanner

			ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.		
	«Көлік жүргізушісі» Мақсат-Міндеттері: Көлік жүргізушісі туралы не беледі? Жүргізуші барлық көлікке қажет пе? Балалардың ойларын тыңдау, кітаптардан көлік түрлерінің суретін қарату. **(сөйлеуді дамыту)**	«Ғажайып қорапша» Мақсат-Міндеттері: қорапшадан түрлі көлік түрлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, кандай дыбыс шығаратынын атйып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)**	Қара жорға әнін айтқызу, би кимылдарын жасату. **(музыка)**	Шығармашылық киялды дамыту. Ұшақ пен кемелерді қиып жапсыру. **(жапсыру)** «Күй күмбірі» шығармашылық дағдыларды қалыптастыру кабылдау барысында күй тыңдату.	**«Қауіпсіздік ережелері»** Мақсат-Міндеттері: Өз өмірінің кауіпсіздігінің карапайым дағдыларын калыптастыру: жолда жүру ережелерінен не білетінін сұрау. Топта ережелерді белгілеу. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта ілін қою **(коршаған ортамен танысу, сурет салу)**
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу, әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	Балалардың өз-өзіне кызымет ету дағдыларын калыптастыру.	Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру.	Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.
Серуен	«Көлік түрлері» Мақсат-Міндеттері: олардың қолданысын	Қардан әр түрлі көліктердің мүсінін жасау. Содан соң	Қардан қалашық құрастыру. **(құрастыру)**	Бақылау. Мақсаты: Ауа райын бақылау, балабақша	Кітаптардан көліктердің суретін карату. Осы аптада

Сканировано с CamScanner

	(әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуді, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білуді. Көшеге қарап тұрып, қандай көліктердің өтіп жатқанын көру, атауларын дұрыс ататуды дамыту. **(коршаған ортамен танысу)** **Қимылды ойын «Автобус»**	оны бояулармен бояту. **(сурет салу)** **Ұлттық ойын** «Аударыспақ» **Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. **(коршаған ортамен танысу)**	Бақылау. Мақсаты:Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Ұшатын зат (вертушка) жасатып желдің бағытын анықтату. Оны айта білуді дамыту. **(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** **Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық»	ауласында кездесетін пішіндерді таптырту. **(математика негіздері)** **Дидактикалық ойын** «Дауысынан таны» кеме мен ұшақтардың дауыстары тану, атауды пысықтау. емем **Қимылды ойын** «Қояндар»	ұнаған іс әрекеттері туралы, жаттаған тақпақтары туралы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(көркем әдебиет)** «Балабақша ауласындағы қар деңгейін анықтату». Мақсаты: Сызғыш немесе таяқ арқылы орындықта, ағаштың үстінде, жолдың жиегіндегі қар деңгейін анықтап, салыстыруды пысықтау. **(математика негіздері)** **Ұлттық ойын** «Омпы»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру.	Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін калыптастыру.	Асықпай бір-бірін итермей жүруді пысықтау	Топта киетін киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін пысықтау
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын	Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау.	Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек**	«Бата беру», «Ас кайтару» дәстүрлерін пысықтау

Сканировано с CamScanner

	білу, колды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге кою)	дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету.		**әрекеті)**	
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.	«Күй күмбірі» - ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату **(музыка)**	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыкка іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін кадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды жетілдіру **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін кадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**
Бесін ас	Кезекшілердің	Балалардың мәдени-	Үлкендер еңбегін	Кезекшілердің	Тамақтану мәдениті

Сканировано с CamScanner

	жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге кою, соңынан жинау)	гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	бағалауға үйрету.	жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге кою, соңынан жинау)	сақтау.
Балалардың дербес әрекеті	Вариатив "Ертегілер елінде" Байлық пен ақыл" Балаларға ертегі оқу арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ақылды болуға тәрбиелеу.	Ермексаздан көліктер жасап көруіне жағдай жасау. **(мүсіндеу)** **Машина** Машинамын - көлікпін,Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. *Ә.Табылдиев* Тақпағын жаттаға бейімдеу. **(көркем әдебиет)** Құрылыс материалдарымен еркін ойындар **(құрастыру)**	Шығармашылық әрекеттер. Ермексаздан ұшақты мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. **(мүсіндеу)** Ұшақты суретін салу **(сурет салу)** «Құмырсқаның қанағаты» ертегісін окып беру,таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша карапайым койылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілікқұралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) колдануға ынталандыру. **(көркем әдебиет)**	Вариатив "Шебер қолдар" Суды қатыру максаты: Балаларға қар мен мұз және олардың құрамы туралы түсініктерін қалыптастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен карау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. **(құрастыру)** Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. **(мүсіндеу)**

Сканировано с CamScanner

Балалармен жеке жұмыс	Бір-бірден сапқа, шеңберге тұруды, сапта өз орнын табуды үйрету	Сөздік ойындарды ұтымды пайдалана білуді, суреттер арқылы көбірек әңгіме жүргізуді дамыту	Өсімдіктер өсіруде және жануарлардан алатын өнімдерге байланысты тәжірибе жұмыстарына катыстыру	Таныс әндерді тануда және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуды үйрету	Рәміздерге сүйіспеншілік сезімдерін оята отырып,шағын тақпақтар жаттатуды меңгерту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сактап дұрыс киінуге үйрету.	Қатармен жұптасып жүруді, катарды бұзбауды үйрету.. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**	Достарына көмектесу.	Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.
Серуен	**Қимылды ойын** «Поезд» Балалар ұнататын әндерін кайталап айтқызып, би билету **(музыка)**	Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық»	Қардан қамалдар құрастырып, нысанға дәл тигізіп кар түйіршіктерін лақтыруын ұйымдастыру. Еркін ойындар	Еркін ойындар **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы акпарат беру.	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде кайталау.	Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2025 жыл 3 апта

№9 "Күншуақ" ересек топ

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.01.2025	Сейсенбі 21.01.2025	Сәрсенбі 22.01.2025	Бейсенбі 23.01.2025	Жұма 24.01.2025
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру.	Баладан өз отбасында кандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау.	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сырткы келбетін кадағалауды әдетке айналдыруға баулу.
	«Апта дәйексөздері» Еңбек түбі зейнет				
Ата-аналармен немесебаланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу.	Ата –аналармен пікірлесу.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары тууралы ақпарат беру	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен карым қатынасы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қазакстан Республикасының Әнұранын орындауы Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып коржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау , суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Сөйлеуде күнделікті көп колданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді колдану. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау,адамның табиғатқа камқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				

Сканировано с CamScanner

	Қыс мезгілі туралы жаттаған тақпақтарын, ертегілерін естеріне түсіру. **(көркем әдебиет)** Ұлттық ойын «Бестемше» ойынын ойнату.	«Кәрі аяз бен жас аяз» ертегісін оқып беру. Мақсат-Міндеттері: Өздеріне айтуға мүмкіндік беру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту)**	«Маша мен аюдың қыскы қызығы» мультфилімін тамашалату. Мақсат-Міндеттері: Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет)**	«Сәндеу» Мақсат-Міндеттері: Терезенің жақтауын сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету **(құрастыру)**	«Жиын» Мақсат-Міндеттері: Топтағы ойыншықтарды 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. **(математика негіздері)**
Ертеңгілік жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**..	Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.	Тыныс алу жолдарын шынықтыру	Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту	Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру.	Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыста қанша ай бар? Атап беріңдер? Жарайсыңдар!!!	Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.	Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Қыс мезгілінің	Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін

Сканировано с CamScanner

	оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге!			ерекшеліктері» туралы не білетіндерін сұрау.	таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қаркынды өзгертіп жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* үрленгендоптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. *Жүгіру:* сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; *Секіру:* бір орында тұрып, кос аякпен секіру, қыска секіргішпен секіру.	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қаркынды өзгертіп жүру *Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, *Лақтыру, домалату, қағып алу:* допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лактыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; *Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.* Бір-бірден сапка тұру, бір-бірінің жанына сапка және шеңберге тұру. Қимылды ойын:	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру:* сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қаркынды өзгертіп жүру *Тепе-теңдікті сақтау:* еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таякшаларынан, үрленгендоптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. *Еңбектеу, өрмелеу:* табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, Қимылды ойын: Масаны ұстап ал	**Музыка** **Тақырып:**Қысқы әуен сынғырлайды. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату. Қолмен музыка бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі козғалысын ажырату, әнмен шеңберді айналып жүру. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыкка баулу.

Сканировано с CamScanner

		Қимылды ойын: Тауық пен балапандар	Торғайлар мен мысық Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; **Қазақ тілі** «Сахна төрінде» Мақсат-Міндеттері: Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.		
	«Жануарлар әлемі» Мақсат-Міндеттері: Балабақша ауласына серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды коректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сырткы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы,қыска	Ертегі желісі аяздың түрі қандай болады, киялдап мүсінін жасату. **(мүсіндеу)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады кабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру	«Ақ аю» Мақсат-Міндеттері: Аюдың суретін бояту суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. **(сурет салу).** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады	«Жиын» Мақсат-Міндеттері: жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен кою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді жетілдіру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын	«Қыс» Мақсат-Міндеттері: Сөйлеу каркынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айткызу. Қыста боран болар, кар болар. Қыздар шәлі орамал оранар. Қыста құлағым үсіп кетті,

Сканировано с CamScanner

	бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. **(коршаған ортамен танысу)** Қыс мезгілі бейнеленген суреттерді бояту, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды калыптастыру. **(сурет салу).**	Ұлттық ойын «Бестемше»	қабылдауды, түсінуді, кадірлей білуді калыптастыру	табады» ғажайып калтадан ойыншыктар шығару, балалар топтан соның жұбын тауп саластыру жағдайын жасау. **(математика негіздері)**	Үсіп, ісіп кетті. **(сөйлеуді дамыту)**
Серуенге дайындык	Балалардың дербес кимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.	Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.	Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды калыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату дағдыларын жетілдіру
Серуен	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабакша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. **(математика негіздері)**	Қыс мезгілінде құстардың тіршілігін бақылату. Максаты: Қыс мезгілінде не істеуге болатынын сұрау. Ойындар ойнату, кар тазалату, мүсіндер жасату.	«Жабайы аңдар» Максат-Міндеттері: олардың сырткы түрі, козғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, кыска бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі	«Далада не бар?» Максат-Міндеттері: Коршаған орта заттары, олардың касиеттері және колданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Екі бөтелкеге жылы су құйып алып шығу,	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. **(көркем әдебиет)** Ауладағы шыршаларды санау, бақылау, салыстыру, карларын түсіркізу

Сканировано с CamScanner

